

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 11 өкіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 7 тамыз N 61-ө . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.31. N 115 ~R020115 өкімімен.

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 U000427_ Жарлығының орындалу барысы және оны іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 11 R010011_ өкіміне мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Орталық атқарушы органдардың, ведомстволардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өздерінің қабылдау бөлмелерінде жауапты қызметкерлердің 24 сағатқа дейінгі күн сайынғы кезекшілігін ұйымдастырсын;

2) басшы және орта басқару буыны қызметкерлерінің кезекшілерді өзінің орналасқан жері туралы хабарлауын қамтамасыз етсін."

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.